



201 _____ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

от « _____ » _____ 201 _____

№ _____

№ _____

№ исх: 20-8/364 от: 01.03.2018

Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

На № ДЗ-37 от 8 февраля 2018 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос, оглашенный 7 февраля 2018 года, относительно оплаты труда работников социальной сферы, сообщаем следующее.

Во исполнение поручения Главы государства, озвученное в Послании народу Казахстана от 17 января 2014 года «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», касательно разработки новой модели оплаты труда гражданских служащих Правительством своим постановлением от 31 декабря 2015 года № 1193 утверждена новая система оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий.

В результате заработная плата специалистов - гражданских служащих повысилась **в среднем** на 30 %, а рабочих на 15%, для чего из республиканского бюджета для местных исполнительных органов дополнительно выделено **290,8 млрд. тенге (информация прилагается)**.

На сегодняшний день одним из компонентов определения заработной платы гражданских служащих, как должностного оклада, так и доплат, надбавок, является базовый должностной оклад (далее – БДО), размер которого на сегодня составляет **17 697 тенге**.

Изменение его размера до предлагаемого Вами размера минимальной заработной платы (прогноз 2019 года – 29981 тенге) приведет к одномоментному увеличению заработной платы гражданских служащих на 69,4 %, для чего по предварительным расчетам дополнительно из бюджета в 2019 году потребуется около 875,6 млрд. тенге (*ежегодно с учетом роста*

минимального размера заработной платы на 4 % в 2020 году – 961,1 млрд. тенге; 2021 году – 1050, млрд. тенге, в 2022 году – 1142,4 млрд. тенге).

Учитывая большую нагрузку на государственный бюджет при изменении БДО, полагаю целесообразным вопросы повышения оплаты труда работников бюджетной сферы рассматривать поэтапно, с учетом темпов экономического развития страны и возможностей республиканского бюджета.

Приложение: на 2 листах.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

Б. Сагинтаев

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын реттеу бойынша халықаралық практиканы ескере отырып әзірленді.

Әлемдік практикада еңбекақы төлеу жүйесін қалыптастыру бойынша түрлі тәсілдер бар, алайда қанша жерден айырмашылығы болса да, барлығының мәні **еңбекақының қызметкердің біліміне, біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігі мен жауапкершілік деңгейіне қарай белгіленуінде**. Дәл осы қағидаттар мен тәсілдер Қазақстан Республикасы азаматтық қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа моделін жасауда негізге алынды.

Еңбекақы төлеудің жаңа моделін енгізу нәтижесі бойынша мониторинг **төмендегіні көрсетті:**

Жүйемен **білім беру саласында** 756,2 мың адам қамтылды, олардың орташа жалақысы 29 %-ға немесе 61,5 мыңнан 79,5 мың теңгеге дейін артты.

Бұл ретте, *еңбек өтілі 16-20 жыл болатын жоғары білімді және жоғары санаттағы мұғалімнің* жалақысы 76,5 мың теңгенің орнына 98,5 мың теңгені құрайды, ал *еңбек өтілі 5-7 жыл болатын жоғары білімді санаты жоқ мұғалімнің* жалақысы 57,8 мың теңгенің орнына 74,4 мың теңге болды.

Жоғары санатты қызметкерлер мен санаты жоқ қызметкерлер жалақыларының арасындағы айырма 24,1 мың теңгені құрайды немесе 32,4 %-ға жоғары.

Еңбек өтілі 13-16 жыл болатын жоғары білімді бірінші санаттағы тәрбиешілер 60,5 мың теңгенің орнына 78,1 мың теңге жалақы алады.

Жүйемен **денсаулық сақтау саласында** 244,1 мың адам қамтылды, саладағы орташа жалақы 78,7 мың теңгеден 92,5 мың теңгеге дейін арттырылды немесе өсім 18%-ды құрайды.

Еңбек өтілі 16-20 жыл болатын жоғары білімді жоғары санаттағы дәрігердің жалақысы 121,1 мың теңгенің орнына 142,9 мың теңгені құрайды, *еңбек өтілі 5-7 жыл болатын жоғары білімді санаты жоқ дәрігердің* жалақысы 62,1 мың теңгенің орнына 73,5 мың теңгені құрайды;

Еңбек өтілі 16-20 жыл болатын жоғары білімді жоғары санаттағы мейіргердің жалақысы 107,7 мың теңгенің орнына 127,1 мың теңгені құрайды, *еңбек өтілі 5-7 жыл болатын жоғары білімді санаты жоқ мейіргердің* жалақысы 56,7 мың теңгенің орнына 66,9 мың теңгені құрайды.

Әлеуметтік салада 30,1 мың адамның жалақысы көбейді, осы саладағы қызметкерлердің орташа жалақысы 51 мың теңгеден 69 мың теңгеге дейін арттырылды немесе өсім 35 %-ды құрайды.

Мысалы, *еңбек өтілі 16-20 жыл болатын жоғары білімді жоғары санаттағы әлеуметтік қызметкердің* жалақысы 65,0 мың теңгенің орнына 91,0 мың теңгені құрайды, *еңбек өтілі 5-7 жыл болатын жоғары білімді*

санаты жоқ әлеуметтік қызметкердің жалақысы 52,5 мың теңгенің орнына 73,5 мың теңгені құрайды;

4-разрядтағы санитардың (жұмысшы) жалақысы бұрынғы еңбекақы төлеу жүйесі бойынша 42,5 мың теңгені құраған болса, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 48,8 мың теңгені (ЛА-34686,1 теңге + 10% үстемеақы 3468,6 теңге + 30% еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы 5309,1 теңге + 30% зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы 5309,1 теңге)(қолға алатыны 42,3 мың теңге) құрады, өсім 15,0 % болды.

Жоғарыда жазылғанға сәйкес, мамандардың жалақысы тек біліміне, біліктілігіне, еңбек жағдайларына және т.б. ғана емес, сонымен қатар олардың еңбек өтіліне де байланысты болады.

2017 жылғы 1 қыркүйектен бастап APTIS, IELTS, TOEFL жүйелерінің бірінен B1-Intermediate, B2-Upper-Intermediate, C1-C2-Advanced деңгейлері бойынша тестілеуден өткендігі туралы сертификаты мен дипломның қосымшасына сәйкес ағылшын тілінде пәндерді оқытуға мүмкіндік беретін тілдік құзыреттілігі бар және ағылшын тілінде физика, химия, биология, информатика пәндері бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне базалық лауазымдық жалақыдан 200 % көлемінде қосымша ақы төлеу көзделгенін атап өту қажет.

Мәселен, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне лауазымдық айлықақыдан (бұдан әрі – ЛА) 30 % мөлшерінде қосымша ақы, 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық-шеберлік санаты үшін: педагог-шеберге ЛА-дан 50 %, педагог-зерттеушіге ЛА-дан 40 %, педагог-сарапшыға ЛА-дан 35%, педагог-модераторға ЛА-дан 30% мөлшерінде қосымша ақы белгіленді.

Приложение

Новая система оплаты труда разработана с учетом международной практики, регулирования оплаты труда работников бюджетной сферы.

В мировой практике имеются различные подходы к формированию систем оплаты труда, но при всем различии их суть заключается **в установлении зависимости оплаты труда от образования, квалификации, сложности выполняемых работ и степени ответственности.** Именно эти принципы и подходы взяты за основу в новой модели оплаты труда гражданских служащих в Республике Казахстан.

Мониторинг по результатам внедрения новой системы оплаты труда **показал следующее:**

В сфере образования системой охвачено 756,2 тыс. человек, их средняя заработная плата повысилась на 29 % или с 61,5 до 79,5 тыс. тенге.

При этом заработная плата **учителя с высшим образованием и высшей категорией со стажем работы 16-20 лет** составила 98,5 тыс. тенге вместо 76,5 тыс. тенге, учителя **с высшим образованием без категории со стажем работы 5-7 лет** заработная плата стала 74,4 тыс. тенге против 57,8 тыс. тенге.

Разница в заработной плате между работниками, имеющими высшую категорию, и без категории составляет почти 24,1 тыс. тенге или больше на 32,4 %.

Воспитатели с высшим образованием с первой категорией со стажем работы 13-16 лет получают 78,1 тыс. тенге вместо 60,5 тыс. тенге.

В сфере здравоохранения системой охвачено 244,1 тыс. человек, средняя заработная плата в отрасли выросла с 78,7 тыс. тенге до 92,5 тыс. тенге или рост составляет 18 %.

Зарплата **врача с высшей категорией с высшим образованием, со стажем работы 16-20 лет** составляет 142,9 тыс. тенге против 121,1 тыс. тенге, **врача с высшим образованием без категории, со стажем работы 5-7 лет** заработная плата составляет 73,5 тыс. тенге против 62,1 тыс. тенге;

Зарплата медицинской сестры с высшей категорией с высшим образованием, со стажем работы 16-20 лет составляет 127,1 тыс. тенге против 107,7 тыс. тенге, **медицинской сестры с высшим образованием без категории, со стажем работы 5-7 лет** составляет 66,9 тыс. тенге против 56,7 тыс. тенге.

В социальной сфере повышение коснулось около 30,1 тыс. человек, средняя заработная плата работников этой сферы выросла с 51 тыс. тенге до 69 тыс. тенге или рост составил 35 %.

Так, к примеру, заработная плата **социального работника с высшим образованием с высшей категорией со стажем работы 16-20 лет** составляет 91,0 тыс. тенге, против 65,0 тыс. тенге, а заработная плата

социального работника с высшим образованием без категории со стажем работы 5-7 лет составляет 73,5 тыс. тенге, против 52,5 тыс. тенге.

Заработная плата **санитарки 4-разряда (рабочий)** по предыдущей системе оплаты труда составляла 42,5 тыс.тенге, с 1 января 2016 года составила 48,8 тыс.тенге (ДО-34686,1тенге + 10% надбавка 3468,6 тенге + 30% доплата за особые условия труда 5309,1тенге + 30% доплата за вредные условия труда 5309,1 тенге) (на руки 42,3 тыс. тенге), рост на 15,0 %.

Согласно вышеизложенному, заработные платы специалистов зависят не только от образования, квалификации, от условия труда и т.д., но и от их стажа работы.

Стоит отметить, что с 1 сентября 2017 года учителям государственных организаций образования, имеющим сертификат о прохождении тестов по одной из следующих систем: APTIS, IELTS, TOEFL по уровням B1-Intermediate, D2-Upper- Intermediate или C1-C2-Advanced и языковые компетенции, позволяющие преподавание предметов на английском языке согласно приложению к диплому и реализующим учебные программы основного среднего и общего среднего образования по предметам физики, химии, биологии, информатики на английском языке, предусмотрена выплата доплаты в размере 200% от базового должностного оклада.

Так, с 1 января 2018 года по поручению Главы государства учителям организаций образования, реализующим учебные программы начального, основного и общего среднего образования по обновленному содержанию образования установлена доплата в размере 30% от должностного оклада (далее – ДО), с 1 сентября 2018 года учителям, прошедшим национальный квалификационный тест и реализующим образовательные программы начального, основного и общего среднего образования установлена доплата за квалификацию педагогического мастерства педагогу-мастеру в размере 50% от ДО, педагогу-исследователю в размере 40% от ДО, педагогу-эксперту - 35% от ДО, педагогу-модератору - 30% от ДО.